

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Құсмұрын кенті әкімінің 2024 жылғы 7 ақпандығы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 2 Әулиекөл ауданы жер участкерлерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жалпы көлемі 0,3587 гектар Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентінің аумағында орналасқан жер участкесіне жеткізуші газ құбырын пайдалану үшін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі көшірмелері нормативтік құқықтық актілерінің Қазақстан Республикасының Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберілсін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Құсмұрын кенті әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

A. Абжанов